



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 қаңтар
сенбі

№6 (2218)

2026 ЖЫЛ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҰЛТ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАҒАН ҚҰРЫЛТАЙ

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саяси бастамалар мен ел дамуына қатысты басым бағыттарды жария етті. 2022 жылдан бері ел болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналған жиынды қоғамдағы ең өзекті мәселелер талқыға түсті.



Президент оң бағасын берді

Сыр өңірінде жүйелі даму бар. Игі бастамаларға толы әлеуметтік мәселелер қатар шешімін табуда. Мемлекет басшысы өңірдегі өрелі істерге оң бағасын берді.

– Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды санлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі. Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес

заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күршіші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді, – деді ел Президенті.

Мемлекет басшысы атап айтқандай, соңғы жылдары Сыр өңірі заман талабына сай өркендеді. Қызылорда облысының ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өскен. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылып, былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асқан. Атап айтқанда, стратегиялық маңызы бар нысандар толығымен инвестордың қаржысына салынған.

– Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Жылу орталығы

аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауызумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы аймақта барлық салада қарқынды даму бар екенін атап айтты. Сыр өңірінде әсіресе, әлеуметтік салада жаңалық көп. Соңғы 3 жылда аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынса, 40 медицина нысаны ашылған. Өңірде атқарылып жатқан табанды тірліктерді кенінен таркатқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жұмысына оң баға берді.

2-БЕТТЕ

Ұлттық құрылтайда айтылған бастамалар мен ел дамуына қатысты басымдықтар өңірлік деңгейде талқыланды. Осыған орай, Темірбек Жүргенов атындағы «Сыр медиа» шығармашылық үйінде дөңгелек үстел өтті. Оған қоғам қайраткері Нәжімәдин Мұсабаев, жыршы, ҚР Мәдениет қайраткері Берік Саймағанбетов, қоғам қайраткері Мұрат Бахтиярұлы, облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов, қатысты. Жиын барысында қатысушылар Ұлттық құрылтайда айтылған ой-пікірлерге тоқталып, өңірдің даму барысында жүзеге асуы тиіс мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ БАСТАМАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Дөңгелек үстелде әлеуметтік-экономикалық даму, ұлттық құндылықтарды нығайту бағытындағы бастамалар сөз болды. Құрылтай мінберінде көтерілген ұсыныстар орындалуы керектігін атап өтті.

– Ықылым заманнан бері елдік мәселелерді құрылтай өткізіп, шешіп отырғанын тарихтан білеміз. Бұл соңғы Құрылтайдың бұрынғы Ақмешіт қаласында өтуі тарихи саяси оқиға деп айтуға болады. Құрылтайда облыстың даму қарқыны туралы пікірді Мемлекет басшысының өз аузынан естідік. Әлем елдері де Өзбекстан, Әзербайжан елдерінің ақпарат агенттіктері саяси реформаға байланысты пікір жариялады. Президент саяси реформа ғана емес, Қызылорда облысына қатысты түйткілді мәселелерді көтерді. Оның бірі Қызылорда мен Ақтөбені жалғайтын төрт жолақты жол мәселесі. «Байығын келсе, жол сал» деген Қытай макалын назарға алатын болсақ, бұл бастама жүк қатынасын дамытатын дәлізге айналуы түр. Одан кейін қалада тәулік бойы жұмыс істетейтін кітапхана салу мәселесі де көтерілді, – деді Мұрат Бахтиярұлы.

Өз кезегінде сөз алған Жорабек Нұрымбетов Арал теңізі мәселесінің маңызына тоқталды. Тәуелсіздік алғалы бері Орта Азияның үш мемлекетінде су министрлігі қалып, тек Қазақстанда болмағанын айтты.

– Арал теңізіндегі су мөлшері 18 млрд текше метрге дейін түсіп кеткен еді. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Су ресурстары және ирригация министрлігі жұмысын бастады. Министрлік Ташкенттегі Орта Азия басшыларының кездесуінде су мәселесіне байланысты келісімдерді қағаз жүзінде мақұлдады. Міне, содан бері аталған министрліктің жұмысының арқасында су мөлшері 23 млрд текше метрге дейін көтерілді. Табиғат заңдылығына байланысты таудан аққан су, жауын-шашын аз болуы мүмкін. Дегенмен де Арал теңізіне құйылатын су кемімеуі керек. Бұған байланысты Өзбекстан мен Қазақстан арасында бекет салынып, су көлемін бақылап отыратындай жағдай жасалады. Кіші Аралды сақтау өте маңызды. Сонымен қоса Президент Біріккен Ұлттар Ұйымында халықаралық су ұйымын құруды ұсынады. Мұндай бастаманы іске асыру БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары мен барша халықаралық қоғамдастықтың мүддесіне сай келетінін айтты. Бұл ұйым Сырдария өзені ғана емес Қырғызстаннан өтетін су мөлшерін бақылап отыратын тәуелсіз ұйым болмақ. Мәселен, Еуропада жеті мемлекет арқылы өтетін Днепр өзені бар. Осыған ұқсас жобалардың арқасында су мөлшері теңдей бөлініп отырады. Осы жылы сәуір айында Астанада аймақтық экологиялық саммит өтеді, – деді аймақтық экологиялық кеңес төрағасы Жорабек Нұрымбетов.

4-БЕТТЕ

БРИФИНГ



Осы жылдан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енді. Заң жобасының басты мақсаты – кәсіпкерлерді заңды жұмыс істеуге ынталандыру және көлемді экономиканы азайтуға бағытталған. Сонымен бірге мемлекет шағын табыс табатын азаматтарды артық есеп-қисаппен қинамауды көздейді. Жаңа заң аясында халық арасында түрлі сұрақтар бар. Жаңа салық жүйесін кәсіпкерлерге қарапайым әрі түсінікті жеткізу күн тәртібінде тұрғаны жасырын емес. Осы орайда, қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Әбілқасымұлы қалалық әкімдіктің баспасөз залында брифинг берді.

Бюджет кірісінің өсуі үшін, әрине, кәсіпкерлік саласы мен экономиканың бірқатар салаларында оң динамика болуы қажет. Бюджет кірісінің негізгі табыс көзі корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы мүлік және көлік салықтары, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерінен түсетін төлемдер екені белгілі.

Салық жүйесі қалай өзгереді?

Өткен жылы бюджетке түскен салықтан осындай оң динамика байқалды.

– Соңғы үш жылда Қызылорда қаласының салық базасын ұлғайтуға, әрбір өңір өз бюджет кірісінің үлесін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау жөнінде аймақ басшысы тапсырма берді. Тапсырмаға сәйкес салық базасын арттыру бағытында жұмыс жоспарын бекітті. Нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысымен жергілікті бюджетке қосымша 2 млрд 621 млн теңге кіріс кірді. Мемлекеттік кірістер басқармасы бюджет кірістерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, салықтық базаны кеңейту және жергілікті бюджеттің қаржылық дербестігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра берді, – деді Фердоуси Қожабергенов.

Жаңа салық кодексінде арнаулы салық режимі қысқарды. Бұрын режим саны жетеу болса, қазір үшеуі ғана қалды. Олар өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі және шаруа және фермер қожалықтарына арналған режим. Арнаулы салық режимдерінің салық мөлшерлемесі де әр түрлі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға 4 пайыз салық режимі қолданылды. Мәселен, бұл топқа енетін такси жүргізушілері осы режимді пайдаланса болады. Бұл 4 пайыздың ішінде зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар кіреді. Яғни 4 пайыз көлеміндегі салықты өзіңізге төлеп отырыңыз деуге әбден болады. Келесі оңайлатылған декларация

негізіндегі режим. Мұнда жергілікті мәслихат белгілеген мөлшерлеме 2 пайыз. Ерекшелігі, салық табыстан төленді, қосымша құн салығы алынбайды. Үшінші салық режимі шаруа және фермер қожалықтарына арналған. Бірқатар салықтардан босатылып, мөлшері 0,5 пайыз деп көрсетілді. Бұл режим ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кешенді қолдауға бағытталған.

Қазіргі таңда кәсіпкерлер үшін салық міндеттемелерін орындау бұрынғыдан да жеңілдей түсті. Салық органдарына қажетті хабарламалар мен өтініштерді электронды түрде ұсынуға мүмкіндік беретін бірнеше ыңғайлы сервис жұмыс істеуде. Атап айтқанда, кәсіпкерлер электронды цифрлық қолтаңба арқылы «E-Salyq Azamat» және Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы салыққа қатысты хабарламаларды жылдам әрі оңай жолдай алады. Бұл қызметтер құжаттарды кез келген уақытта, қашықтан тапсыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерге бухгалтерлік есеп, салық есеп-тіліктерді және әдістемелік көмек көрсететін «Халық бухгалтері» акциясы басталды. Бұл оларға үлкен қолдау мен мүмкіндік. ҚР Қаржы министрлігінің қолдауымен ашылған бұл жобаға кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар, бухгалтерлік қауымдастықтардың өкілдері, заңнама нормаларын түсіндіру үшін мемлекеттік кірістер органдарының тәжірибелі қызметкерлері тартылған.

Думан КЕЧІЛІК

ҚАЛА ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Бүгінде көкейдегі түйткілді мәселені жергілікті билікке жеткізу жеңілдеді. Мұны біз қала әкімінің қоғамдық қабылдауынан байқаймыз. Шаһар басшысы Нұржан Ахатов тұрғындар тілегін ескерусіз қалдырып жатқан жоқ. Расында, халықтың әлеуметтік мәселесі көп. Мұқтаж жандардың тілегін орындауды мақсат еткен қала әкімі қоғамдық қабылдау өткізді. Бұқараның базынасын тыңдады.

Шараға түрлі сала бойынша жауапты басшылар мен мамандар қатысты. Қоғамдық қабылдау барысында тұрғындар баспана, жұмыс және әлеуметтік көмек мәселесіне байланысты өтініштерін білдіруге асыққан.

Көтерілген сауалдарға қатысты талқылау жасалып, жауапты сала басшыларына тапсырма берді.

Шаһар басшысы мұндай қабылдаулар тұрғындармен кері байланыс жасаудағы маңызды қадам екенін жеткізді.

– Ең басты мақсат – жерлестеріміздің өзекті мәселелерін тыңдап, оның заң ая-

сында шешімін табу. Сондықтан біз ашықтық қағидатына сүйене отырып, жеке қабылдауларды жиі өткізуіміз қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Қабылдаудағы барлық өтініш бақылауға алынды. Кейбір мәселелерді шешу уақытты қажет етеді, ал бірқатары тиісті органдарда қаралады.

Айта кетейік, тұрғындар қала әкімінің қабылдауына еgov порталы арқылы, e-otinish бірінші бағасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш беру арқылы жазыла алады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҰЛТ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАҒАН ҚҰРЫЛТАЙ

Қызылордада жаңа кітапхана салынады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты – мәдениет пен өнер екенін атап айтып, жақын уақытта атқарылатын ауқымды жобаларды жариялады. Соның бірі – өңірімізде заманауи кітапхана құрылысы жүргізілетіні туралы сүйінші хабар. Президент қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар толық нәтиже бермейтінін, сол себепті руханият саласына ерекше көңіл бөлінетінін айтты.

Президент жоғары бағалаған Сыр елінің жаңа музейі – ұлттық мұраның заманауи үлгісі

Қасиетті Сыр өңірінің сан ғасырлық тарихы мен рухани қазынасын жаңаша форматта танытатын Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі бүгінде республика көлемінде үлгі боларлық мәдени нысанға айналып отыр. Қаланың сол жағалауында бой көтерген жаңа музей ғимараты Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-ның тұңғыш астанасы болғанына 100 жыл толуына орай ашылып, ел мәдениеті үшін айтулы оқиғаға айналды.

Бұл маңызды жоба облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұзақ жылдар бойы 1953 жылы салынған, бұрынғы қонақүй ғимаратында орналасып, кеңістік тапшылығын көруі және арнайы қор сақтау қоймаларының болмауы секілді өзекті мәселелерді шешу қажеттілігінен туындады. Осы олқылықтарды жою мақсатында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасы мен тікелей қолдауының нәтижесінде музейге арналған заманауи, типтік жаңа ғимарат салу туралы шешім қабылданып, жоба табысты жүзеге асты. Жобаны әзірлеу және іске асыру жұмыстарын «Ремпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды.

Өткен жылдың қазан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында жаңа музейдің экспозициясымен жан-жақты танысып, заманауи технологиялар мен ұлттық мұраны ұштастыра отырып жасакталған бұл мәдени нысанның мазмұны мен сапасына жоғары баға берді. Ал Ұлттық құрылтай отырысында Президент Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне арнайы тоқталып:

– Сыр өңірінде ашылған бұл музей – ұлттық тарихымызды сақтаумен қатар, оны заманауи форматта халыққа, әсіресе жас ұрпаққа жеткізудің нақты үлгісі. Мұндай мазмұнды әрі технологиялық жобалар еліміздің барлық өңірлерінде жүзеге асырылуы тиіс, – деп атап өтті.

Бұл Мемлекет басшысының Сыр өңіріндегі мәдени бастамаларға берген зор сенімі мен нақты бағасын айқындайды. Президенттің айтуынша, тарихи сананы қалыптастыруда музейлердің рөлі ерекше, ал Қызылордадағы жаңа музей осы талаптарға толық жауап береді.

Жаңа музей – тек өткенді танытатын орын ғана емес, тарихты тірілтетін, көрерменді ойға жетелейтін интерактивті кеңістік. Сандық және мультимедиялық технологиялармен толық жабдықталған нысан музейдің 85 жылдық тарихында алғаш рет арнайы қор сақтау қоймаларымен қамтылған типтік ғимарат ретінде салынды. Жергілікті бюджеттен бөлінген 2,6 млрд теңге қаржыға тұрғызылған музейдің жалпы аудмағы 3255,2 шаршы метрді құрайды.

Бұған дейін облыстық музей ғимараты 2 мың шаршы жетрге жетпейтін аумақта орналасып, оның қорындағы экспонаттарды сақтау қиындық тудырса, 3 мың шаршы метрден асатын жаңа ғимаратты салу арқылы әр экспонаттың талапқа сай өз алдына жеке дара сақтауға, оларды заманауи технологиялардың, жасанды интеллектінің көмегімен ерекше таныстыруға мүмкіндік берілді.

Жаңа музейде бұрын болмаған «Палеонтология», «Орта ғасырлар өркеніеті», «Ғарышты игеру» залдары жаңадан ашылып, елімізде енді қолға алынатын музей педагогикасын жетілдіру, дамытуда маңызды зор Балалар музейі бөлмесі жасакталды.


Музейдің 12 залдан тұратын жаңа экспозициясы Сыр өңірінің табиғи ерекшеліктерін бастап, көне дәуірлер мен бүгінгі күнге дейінгі тарихын толық қамтиды. Аймақтың флорасы мен фаунасы, палеонтология, археология, этнография, сондай-ақ Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы жүйелі түрде көрсетілген. Залдардың тақырыптық құрылымы мен көркемдік шешімі жасанды интеллект элементтері қолданылған 3D модельдеу арқылы әзірленген.

Интерактивті сенсорлық панельдер келушілерге өзіне қызықты тақырыптарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді. Тарихи тұлғалардың өмір жолы, археологиялық олжалар, этнографиялық деректер, тарихи карталар мен диаграммалар заманауи тілде сөйлейді. Динозаврлар дәуіріне жасалатын интерактивті саяхат, жауынгерлердің дауысы мен барабандар үні Бұланты шайқасының атмосферасын сезінуге мүмкіндік беріп, музейге келген әрбір жанның қызығушылығын оятады. Ал тарихи тұлғалардың, қолөнершілердің, көпестер мен дәстүрлі өмір өкілдерінің гиперреалистік балауыз мүсіндері көрерменді белгілі бір дәуірге енгізіп жібергендей әсер қалдырады.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі – инновация мен дәстүрді, ғылым мен өнерді үйлестіре білген бірегей мәдени орталық. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда берген бағасында атап өткендей, бұл музей – еліміздің өзге өңірлері үшін үлгі боларлық жоба. Ол ұлттық мұраны сақтаудың ғана емес, оны заманауи тәсілмен ұрпақ санасына сіңірудің жарқын көрінісі ретінде Сыр елінің рухани келбетін айшықтай түседі.

Эльзира САГИТЖАНОВА,

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім басшысы



Кітапхана – білімнің, рухани құндылықтардың ордасы

Сонғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп келеді. Әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалықтар көп. Облыста кітапханаларды жаңғырту бағытында маңызды қадамдар жасалуда. Өткен жылы аудандарда ашылған «Руханият» орталығынан орын алған кітапханалар тың бастамаларымен оқырмандарын қуантып келеді. Орталықта тағылымы мол түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, кітапханаға келушілер саны артуда. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі», – деді. Қызылордада заманауи кітапхана салынатыны туралы хабар бізді қуантты. Бұл бастама – өңірдің мәдени-рухани дамуына серпін беретін маңызды қалам деп санаймын. Кітапхана – білімнің, рухани құндылықтардың ордасы. Заманауи талаптарға сай салынатын кітапхана аймақтың зияткерлік әлеуетін нығайтып, рухани дамуына он ықпал етеді. Әсіресе жастардың білімге қызығушылығын арттырып, жаңа форматтағы ақпарат пен білім ордасын қалыптастыруға жол ашады. Қазір қоғамның да, оқырманның да талабы өзгерген. Сондықтан кітапхана да өз қызметін – әрі білім беру орны, әрі мәдениет орталығы, ақпарат тарату орталығы, сондай-ақ демалыс орны болу сияқты сан-салалы қызметтерді атқаруда. Кітапхана дәстүрлі кітап мәдениеті мен заманауи цифрлық технологияны ұштастыра отырып, қала тұрғындарына арналған көп функционалды мәдени әрі білім беру алаңы ретінде жобаланған. Облыста кітапхана ісін дамыту және цифрландыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Кітапханаға келушілерге дәстүрлі кітапханалық қызметпен қатар электрондық қызметтер түрлері көрсетіледі. Атап айтсақ, кітап қоры цифрлы форматқа көшіріліп, онлайн каталогтар мен электронды ресурстарға қол жетімділік артты. Оқырмандар үшін электронды кітаптар, дерекқорлар мен заманауи ақпараттық қызметтер ұсынылуда. Бұл жұмыстар жастардың білімге, ғылымға, жаңа технологияларға қызығушылықтарын туғызады. Атап айтсақ, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында электрондық ақпарат, электрондық ресурстар, электрондық кітапханалар құру бағытында жаңғыртулар жүргізіліп келеді. Қазір кітапханада электронды ресурстардың озық түрлерін кездестіруге болады. Интернет орталығында интернет ресурстары, Wi-Fi желісі, электронды каталог, құжаттарды электронды жеткізу, электронды кітапхана жұмыс істейді.

Айгүл ЕСЕНҚЫЗЫ,

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана басшысының міндетін атқарушы

– Жуырда Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталады. Менінше, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениеті мен өркеніетін дәріптейтін орталықтар болуы керек. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркеніетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе. Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі, – деді Президент.



Білім мен мәдениет – ел дамуының басты тірегі

Президент жиында мәдениет пен өнер мәселесіне тоқталып, бұл сала мемлекеттің стратегиялық бағдарларының бірі екенін атады.

– Біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында казак драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жиында музей ісін дамытуды маңызды санайтынын айтты. Осы ретте, Қызылорда қаласында ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өтті. Сыр өңірінің сан ғасырлық тарихы мен рухани қазынасын жаңа форматта танытатын Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі бүгінде республика көлемінде үлгі боларлық мәдени нысанға айналып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жас ұрпақтың ұлтымды жаһан жұртына танытуы зор мақтаныш екенін атап айтты.

Өскелең ұрпаққа әрдайым қолдау көрсетілуде


Құрылтайда ұлттық бірлік, әділетті қоғам қалыптастыру, білім мен тәрбие, жастар саясаты, өңірлердің дамуы сынды маңызды тақырыптар кеңінен қозғалды. Ұлттық құрылтай – халық пен билік арасындағы ашық диалогтың нақты көрінісі. Президент өз сөзінде ел болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін, адал еңбек пен білімді басты құндылыққа айналдырған ұрпақ тәрбиелеудің маңызын ерекше атап өтті. Бұл – қосымша білім беру саласында еңбек етіп жүрген біз үшін үлкен сенім әрі жауапкершілік. Тарихи жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан «Құрмет» орденін алу мен үшін зор мәртебе. Бұл марапатты жеке жетістік деп емес, қосымша білім беру саласында аянбай еңбек етіп жүрген барша әріптестеріміздің, ұстаздар мен тәлімгерлердің еңбегіне берілген жоғары баға деп қабылдаймын. Елге қызмет ету – үлкен абырой. Жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың бойына ұлттық құндылықтар мен заманауи білімді ұштастыра отырып тәрбие беру – біздің басты міндетіміз. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен сенім бізді одан әрі жігерлендіріп, жаңа бастамаларға жетелейді. V Ұлттық құрылтайда айтылған әрбір бастама, әрбір ой – ел болашағы үшін маңызды бағдар. Біз бұл сенімді ақтау жолында адал еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне бар күш-жігерімізді саламыз. Қазіргі уақытта Сыр өңірінде мәдениет және білім саласындағы жетістіктер көп. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен ашылған түрлі нысандар саланың жан-жақты дамуына тың серпін берді. Жаңадан ашылған нысандар өңірдегі жастардың рухани имунитетін қалыптастыратын орынға айналып, халыққа қызмет көрсетіп келеді. Мұның барлығы халыққа жасалған жағдай деп білуіміз керек. Ал бұл істерге ел Президентінің оң баға беруі – үлкен мақтаныш.

Қайрат ЖӘЛІМБЕТОВ,

Жалпы білім беретін кешкі мектеп директоры, «Құрмет» орденінің иегері

Жол – іргелі істердің бастамасы

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы көңіл бөлген басты мәселе – жол жайы. Президент көлік-логистика кешенін дұрыс дамытпасақ, ел экономикасын тұрақты өсіру мүмкін болмайтынын айтты.



– Елімізде қызу жұмыс қолға алынды. Мыңдаған шақырымдық автокөлік жолдары мен теміржолдар салынып, жөнделіп жатыр. Басты бағыттардың талапқа сай емес тұстары ретке келтірілуде. Вокзалдар, теңіз және әуе порттары, сондай-ақ құрғақ порттар жаңғыртылып, кей жерде жаңадан салынып жатыр. Мультимодальды тасымал түрі де дамып келеді. Автокөлік тасымалы саласы да аса маңызды. Елдегі автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту – айрықша маңызды міндет. Бұл, біріншіден, Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы транзит дәлізі ретіндегі рөлін арттыра түседі. Екіншіден, облыстар арасындағы көлік байланысын барынша жақсартлады. Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым. Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жоба басталады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады», – деді Президент.

Жалпы, өңірде жол құрылысы қарқынды дамуда. Облыс орталығында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді.

Жолдың жайын жүрген білер

Жолдың жайын жүрген білер» демекші, бұл жаңалықты ести сала қуанып жатқан жайымыз бар. Өңірімізде жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Дегенмен, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі тар екендігі көп айтылып жүр. Себебі, соңғы уақыттарда бұл бағытта жол апаты көбейіп кеткені белгілі. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталғанын сүйіншілейтін жаңалық. Ең бастысы, жол-көлік оқиғаларының саны төмендеуіне оң септігін тигізеді. Қарсы бағыттағы соқтығыс қаупі азаяды. Елді мекендер арасындағы қатынас жақсарды. Жаңарған жолдар жаңғырудың жемісі екені анық.

Қозбек СЫЗДЫҚБАЕВ,
Жүк көлігін жүргізуші

Құрылтай ел тарихында қалады

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың ел тарихында қалатынын атап өтті. Ұлттық құрылтай аз уақытта ауқымды жұмыс атқарды.

– Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Сіздер еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгерту жолында зор еңбек еттіңіздер. Мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қостыңыздар. Алдағы уақытта да біз бірге ел игілігіне қызмет ете береміз деп сенемін. Бізді әлі де көп жұмыс күтіп тұр. Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтартып немесе табысқа тоқмейілісіп отыруға қақпымыз жоқ, уақытымыз да жоқ. Бірлігімізді бекемдеп, білес сыбанып, іске кірісуіміз керек. Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін, – деді Президент.

Президент атап көрсеткендей, ең бастысы, қоғам өзгерді, реформаларымыз тұрақты сипатқа ие болды, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс жасалды. Осы ретте, Ұлттық құрылтай айрықша рөл атқарды. Төрт жылда құрылтай мүшелері ел өміріне ықпал ететін көптеген маңызды бастама көтеріп, айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданған. Сондай-ақ әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашакорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын осыдан-ақ байқауға болады.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҚЫЗЫЛОРДА, 2026 ЖЫЛ

ҰСЫНЫСТАРЫМ ҚОҒАМНЫҢ ҚОЛДАУЫНА ИЕ БОЛДЫ



Мұрат ОБЕНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Өзім Ұлттық құрылтайдың экономикалық реформа секциясына қатысып, бірқатар маңызды мәселені ортаға салдым. Соның бірі – банк саласының қызметін реттеу. Мерзімі өткен несиелері бар азаматтардың банк шоттарын бұғаттау тәжірибесін қайта қарауды ұсындым. Өйткені бұл адамның жұмыс істеуіне, әртүрлі төлем жасауына кедергі келтіреді. Бір сөзбен айтқанда, адам құқығын шектеумен бірдей. Мұны толығымен тоқтату немесе жарылмай ғана бұғаттап, қаражаттың қалған бөлігін адам өзі пайдалана алатындай мүмкіндік жасалуы керек. Халықтың талап-тілегінен туған ұсынымыма сәйкес банк қызметіне қатысты шешім қабылданды. Қатан шаралар жүзеге асырылатын, онлайн несие берілмейтін болды. Несие

алғысы келген адам банкке өзі барып, тіркелуі керек.

Білім және медицина саласы бойынша да кейбір түйткілдің түйіні осы жиында тарқатылғандай. Мен бұған дейін құр қанқасы ғана бар, бірақ құрал-жабдығы жоқ жеке мектептердегі білім сапасы туралы айтқан едім. Мұндай оқу орындары адамды жұмысқа қабылдауда көбіне еңбек шартын жасамайды. Уақытша алады, онда да айлық жалақысын дұрыс төлемейді, зейнетақы жарнасын аудармайды. Президент құрылтайда кейінгі кезде өзіне жеке-меншік мектептерді қаржыландыру тетігіне қатысты азаматтардың келіп түсетін сауалдар жиілеп кеткенін айтты. Білім беру саласында мемлекеттік қаржыландырудың қолданыстағы тәртібі бұрмаланып отырғанын атап өтіп, оны шұғыл түрде түзету қажеттігін мәлімдеді. Осыған байланысты Үкіметке білім беру саласын мемлекеттік қаржыландыру механизмін жедел реформалауды міндеттеді.

Жіі сынга ілігетін медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығы туралы мәселе де көтерілді. Мемлекет басшысы Әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) қорындағы кешенді тексеріс нәтижесінде көптеген заңбұзушылық деректері анықталғанын айтты. Үкіметтің аталған сақтандыру қорын Қаржы министрлігінің қарауына беру жөніндегі шешімін құптады.

Халықтың әлеуметтік ахуалын арттыру бағытында берген ұсыныстарым қоғам тарапынан зор қолдауға ие болғанын айтып келеді.

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ



Райқұл БАЙНАЗАРОВА, облыстық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

Биылғы жылдың ең басты жаңалығы – Алаштың анасы атанған Сыр өңірінде Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының өтуі. Құрылтай отырысында мемлекет, қоғам алдында тұрған маңызды мәселелер сараланып, саяси салмағы бар шешімдер қабылданды. Мемлекет басшысы Қызылорда облысында кейінгі үш жыл көлемінде атқарылатын жұмыстарға жоғары баға берді.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Елена ПАК, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы:

Мен үшін биылғы жыл жан жақтыратарлық жаңалықтарға толы, жүрекке қуаныш ұлатқан тарихи сәттен басталды. Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан «Шанағат» медалін алдым.

Бұл марапат жеке жетістігім емес, ең алдымен, мені үнемі қолдап келе жатқан жақындарымның, әріптестерімнің және ел бірлігі жолында талай жылдар бірге еңбек етіп жүрген жандардың

ортақ еңбегіне берілген баға деп білемін. Жоғары марапат маған ел игілігі жолында аянбай қызмет етуге, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға бағытталған еңбегімді жаңа жауапкершілікпен жалғастыруыма зор серпін береді. Осы ретте «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі жылдар бойы жастар арасында ынтымақты нығайтуға, қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді сақтауға өлшеусіз үлес қосып келеді. Сондай-ақ жастар отаншылдық пен ынтымақшылдық, жасампаздық пен жауапкершілік сияқты басты құндылықтарды дәріптеу жолында айрықша рөл атқарады.

«Ассамблея жастары» еліміздегі бірқатар маңызды жобалардың бастамашысына айналып. Қазір республикалық ұйым 10 мыңға тарта жасты біріктіріп отыр.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауларында, «Түркістан» газетіне берген сұхбатында, кешегі Ұлттық құрылтайда жастарға зор сенім арттығанын айтып келеді. Біздің қаламызда өткен алқалы жиын тарихымызға жазылатын маңызды оқиға болды. Онда Қызылорданың даму қарқынына Президентіміз де, келген қоңақтар да жоғары баға берді. Біз туған жеріміздің әр жетістігін мақтан тұтамыз.

ТАРИХИ БЕТБҰРЫС АЙҚЫНДАЛҒАН ЖИЫН



Самұрат ИМАНДОСОВ, Қызылорда облысының құрметті азаматы:

Қызылордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен V Ұлттық құрылтайда келелі мәселелер, байланысты бастамалар сөз болды. Алдымен «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінің дамуын жоғары бағалаған Президент облыс әкімінің атқарған жұмысына оң баға берді. Бұл біздің аймаққа деген үлкен ықылас, шын құрмет десек, артық айтпаспыз.

Иә, Сырда өткен құрылтайда ел тағдырына тікелей қатысты ой айтылып, тарихи бетбұрыстар айқындалды. Президент сөз еткендей, бұл басқосу Қазақстандағы ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғандай. Енді ел сенімін нығайтатын көптеген жақсы ұсыныстардың нақты қолға алынатыны анық. Әрі мемлекет басқарудағы халық үнін есту, ұлт санасын жаңғыртуға деген нық қадамдар тоқтамалы. Парламент қызметін түбегейлі қайта құру идеясы, оның күзінетін кеңейту, Халық

кеңесі институты, вице-президенттік құрылым мен цифрландыру туралы Мемлекет басшысының пайымдары құптарлық.

Қуантатыны – Арал мен ондағы экологиялық ахуалдың Президент назарында тұрғаны. Қазіргі су деңгейін ұстап тұрған Көкарал бөгетін қайта биіктету, Халықаралық су ұйымын құру мәселесі, су саясатында көрші мемлекеттермен дипломатиялық мәмілеге келу жайлы осы келелі жиында кеңінен айтылды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр елінің еңбекқорлығын, ұйымшылдығын жоғары бағалады. Туған жерге деген сүйіспеншілік, жанашырлық пен тазалық жағынан өзгелерге үлгі екенін ерекше айтып өтті.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Қызылордада құрылыс қарқыны бәсеңдемейді. Заманауи кітапхана, драма театр құрылысы осы жылы басталмақшы. Ең бастысы – «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық автобанының Қызылорда-Ақтөбе бөлігі кеңеймек. Қазіргі екі жолақтан төрт жолаққа ауысалаы. Сондай-ақ өңірге қатысы бар «Бейнеу-Сексеуіл» жолының құрылысы да басталды. Бұған қосымша «Қызылорда-Жезқазған» жолының қалған бөлігі осы жылы аяқталады. Жалпы жалғыз бізде ғана емес, республика бойынша да бұрын болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар іске асады.

Құрылтай соңында бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталған еді. Елдің экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық дамуына елеулі үлес қосқандар қатарында өзім де болғанымыз қуандым. Мемлекет басшысы I дәрежелі «Барыс» орденін тақты. Бұл менің ғана емес, Сыр елінің еңбек адамдарының абыройы деп білемін.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ АЙҚЫНДАЛДЫ



Серік ДҮЙСЕНБАЕВ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Ықылм заманнан елдік мәселелер таразыға түскен сындарлы сәтте келелі кеңес өткізілетіні тарихтан белгілі. Тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы ретінде Тәуелсіз қазақ елінде 2022 жылдан бері Ұлттық құрылтай жиыны өтіп келеді.

Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысы Сыр өңірінде өтті. Бұл жолғы жиынның мәніне үйіскес, осыдан бір ғасыр бұрын ұлт болашағы үшін шешім қабылданып, «қазақ» атауы қайтарылған V съезден соң, араға бір ғасыр уақыт салып, бесінші құрылтай отырысының тағы да Қызылордада өтуі бекер емес.

ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДА ЖАҢА БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСА БЕРМЕК



Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ, Қызылорда қалалық мәслихат төрағасы:

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды мәселелер қаралды.

Әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанның тұтырымы одан әрі нығайту, заман талабына сай бейімделу мақсатында іске асатын парламенттік реформа аясында Ата Заңымыздағы өзгерістер ауқымды болмақ. Бұл реформа жаңа Конституция қабылдаумен парпар болатыны айтылды. Әрине, бұл өзгерістер бүкілхалықтық референдумда қолдау тапқанда ғана алады. Мемлекеттік билік реформалары бір палаталы парламент құрылтайға қошу, халық кеңесін құру, вице-президент лауазымын енгізу биліктің әлеуетін арттырып, мемлекетіміздің дамуына серпін беретін болады.

Құрылтай жиынында еліміздің әлеуметтік – экономикалық, саяси,

БҰЛ МАРАПАТ – ЖЕРЛЕСТЕРІМНІҢ ДЕ МЕРЕЙІ



Сәби АНСАТ, қоғам қайраткері:

Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуына байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бесінші әрі тарихи құрылтайды

Сыр өңірінде өткізуді ұйғарды. Бұл өңір тұрғындары үшін қолдау әрі зор мәртебе екені рас.

Кейде көпшілік арасында осы құрылтайлар не шешіп жатыр деген ой болатыны жасырын емес. Өзім жинға бастан-аяқ қатысып, Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасын тыңдап, осыған дейін атқарылған жұмыстарға қанық болдык. Өзге де мәселелердің шешімін жариялаған кезде мұның елге қажет, экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуын келілі деуге тұрарлық маңызды шара екеніне көзіміз жетті. Қасым-Жомарт Кемелұлының баяндамасы сондай ұғынықты болды, көңілімізден шықты. Құрылтай Қазақстан экономикасының дамуына, әлемдік аренада өз орнын табуына ықпал еткені рас.

Ұлттық құрылтайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір

Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса 40 медицина нысаны ашылды. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі», – деп атап көрсетті. Расында, аймаққа әкім боп келгені Нұрлыбек Машбекұлының атқарып жатқан істерін көзіміз көріп, сол нысандардың салтанатты ашылуларына қатысып жүрміз. Бұл құрылтай тарихи оқиға болып қалады.

Дәл осы тағдыршешті жиында Президент қолынан мемлекеттік марапат – «Парасат» орденін алдым. Мұны мен еңбегімді қолдап жүрген барлық жерлесімнің мерейі деп есептеймін.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҒЫ МОЛ



Абдулла ШҮЛЕНБАЕВ, денсаулық сақтау саласының ардагері

Сыр өңірінде V Ұлттық құрылтай өтті. Сала ардагері ретінде қоғамдағы өзекті мәселелер талқыланып, ел

дамуының басым бағыттары айқындалатын ауқымды шараға құлақ түрдік. Президент қатысуымен өткен бұл жиында көтерілген ұсыныстар мен бастамалар мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланысты нығайтуға, ұлттық бірлікті сақтауға және қоғамдық келісімді дамытуға ықпал етеді. Құрылтай жұмысы халықтың пікірін ескеруге, әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтарды жаңғыртуға бағытталғанын құнды. Мұндай форматтағы кездесулер елдің тұрақты дамуына және стратегиялық максаттардың іске асуына негіз болады.

Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: – Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға

арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі», – деп аймақта жасалған жұмыстарға жоғары баға берді.

Расында да Сыр өңірі қай саланы алсақ та, көш ілгері келеді. Әсіресе облыс халқының денсаулығын жақсарту мақсатында жасалған әрбір игі іске көңіліміз қуанып, мерейіміз тасып отырамыз. Халқымызда «Ауылдына қарап, азаматтан таппа» деген қанағатты сөз бар. Облысымыздың қазіргі дамуы – аймақ басшысының тас-түйін, тынымсыз тіршілігінің жемісі. Азаматтарға аттан түсірілме абырой берсін! Сыр елі қаршытап дами берсін!

КІШІ АРАП СУЫН КӨБЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БАР



Айтбай КӨШЕРБАЕВ, қоғам қайраткері:

Ұлттық құрылтай ел дамуы үшін маңызды қоғамдық диалог алаңы болғанын көрсетті. Сыр өңірінде құрылтай өткізу – тарихи әділеттіліктің белгісі әрі ұлттық мемлекеттілікке бастау болған аймаққа көрсетілген құрмет. Жиында көтерілген тіл, мәдениет, өңірлерді дамыту, әлеуметтік

әділеттілік мәселелері қоғамның нақты сұранысынан туындап отыр.

Бұл құрылтайдың басты құндылығы – халық үні ескеріліп, ұсыныстар нақты шешімдерге ұласуы тиіс деген ортақ жауапкершіліктің айқын сезілуі.

Сыр өңірінде өткен құрылтайдың жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын көруге болады. Мемлекет басшысының өзі ризашылығын білдірді. Елдің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалудың мәні үлкен. Бұл ретте Президент депутаттар санына қатысты мәселе қызу пікірталас туғызғанын да ашық айтты, бұл мәселенің де аражігін ашып берді. Шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құрудың маңызы зор. Жаңа жан шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге занамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс.

Сонымен қатар Президент Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін еместің де жеткізді. Расында Арал – бір елдің ғана емес, тұтас Орталық Азияның ортақ мәселесі.

Сондықтан трансшекаралық өзендерді тиімді басқару, су үнемдеу технологиясын енгізу, халықаралық ынтымақтастықты күшейту – басты міндеттердің бірі. Экологиялық сана қалыптастыру мен ғылыми зерттеулерді қолдаудың маңызы зор. Бұл ретте Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынғанын, жоба осы жылдың соңында басталатынын өзі айтты. Енді Кіші Арал суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады. Арал тағдыры – табиғатқа немқұрайлы қараудың ащы сабағы. Оны сақтау – келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Табиғатпен үйлесімді даму жолын таңдаған жағдайда ғана Аралдың болашағына үмітпен қарауға болады. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, ел тағдырына қатысты ең күрделі мәселелерді қазақ халқы үнемі құрылтайда, билер кеңесінде отырып шешкен. Ел бірлігі, жер тұтастығы, жұрттың амандығы бәріне ортақ ақылдау алаңында талқыланып, шешім шығарылған, ортақ заң қабылданып, Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай сол ата дәстүрдің заманға сай жаңғыруы деп білемін.

СЫР ӨҢІРІ – ЕҢБЕК ПЕН БІРЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Мұрат ТЛЕУМБЕТОВ, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы:

Тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай дәстүрінің бүгінгі жаңғыруы – ел бірлігін, қоғамдық келісім мен ортақ жауапкершіліктің айқын көрінісі. Сыр елінде өткен V Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы ел

дамуының стратегиялық бағыттарына кеңінен тоқталып, саяси реформалар, әділетті қоғам құру, экономиканы әртарапандыру, ұлттық құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесі, заң мен тәртіп үстемдігі сынды аса маңызды мәселелерге ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде «Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Өйгілі құрпашы Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды» деп атап өтті. Президент сөзінен Сыр жұртшылығының еңбекқорлығы мен азаматтық жауапкершілігіне деген ерекше сенім аңғарылды. Бұл – жай ғана баға емес, ел дамуына адам қызмет етіп жүрген жандарға көрсетілген зор құрмет. Қызылорда облысының заман талабына сай қарқынды дамуына, аймағымыздағы автокөлік жолының сапасы, әуе және теміржол жүйелерінің жаңғыртылуы, Кіші Аралды қалпына келтіру, Көкарал бөгетін биіктету шаралары, облыс орталығымен қатар, әр ауылдың көз тартатын тазалығы, облыс

орталығындағы жаңа тарихи-өлкетану инфрақұрылымдық жоба «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолы мен «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысының басталатынын жеткізді. Бұл – өңір халқы үшін үлкен қуаныш.

Осындай тағалымды әрі тарихи басқосуға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан «Парасат» орденін алу – мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Сыр жұртшылығының, халық қалаулыларының атынан және өз атымаң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына шанайым алғысымыз билдіреді. Көрсетілген жоғары сенім мен құрметті ақтау – мен үшін басты тәртіп. Біздің басты міндетіміз – өңіріміздің дамуына нақты үлес қосу және Мемлекет басшысының бастамаларының табысты жүзеге асуына бірлесіп аталысу. Еліміздің іргесі асқан, бірлігі мығым болсын! Құрылтайда қабылданған шешімдер ел игілігіне қызмет етсін!

ҚЫЗЫЛОРДА ТАҢҒАЛДЫРУМЕН КЕЛЕДІ

ауысу, ыстық су, әлеуметтік мәселелер шешімін таппақ, халықтың әл-ауқаты жақсарған. Бұл – облыс тізгінін қолына ұстаған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың еңбегі. Мұны Мемлекет басшысының өзі атап өтті.

Әрине, Президенттен асырып баға бере алмаспыз, дегенмен өзіміз көзбен көрген игіліктерді жақсы қабылдаймыз және оны басқа өңірлерге де үлгі етіп айтып жүреміз. Қызылорда облысының аудан орталықтарының барлығы шойын жолдың және үлкен жолдың бойында орналасқан. Халықтың сол жерде тіршілік етуіне жасауына жол, газ жүргізілген, мәдениет, спорт, медицина нысандары салынған, әлеуметтік саланың мәселелері қолға қойылған. Қалаға келіп түскен азаматтарды соңғы үлгідегі заманауи әуесжай қарсы алады. Бұл – еліміздегі ең үлкен терминалдардың бірі, аймақ басшысының жүзеге асырған инвестициялық жобасы. Оның игілігін халық көріп отыр.

Әуесжайға табанымыз тигеннен өңірдің тыныс-тіршілігін, Ұлттық құрылтайға дайындықты сезіндік. Ұйым-Қызылорданың түлегені ерекше қуантады. Жол құрылысы, газдандыру, азаматтарды жұмылған. Жолға шығардың алдында атақты жырау Алмас Алматов ағамыздың үйінде қонақта болдық. Жыраудың шәкірттерінің ғажайып жырларын тыңдалық, ағамыздың жеті жастағы немересі құламы мен орамалын ыңғайлап, қолымызға су құйды. Қысқасын айтқанда, облыстың басшысынан бастап, жеті жастағы балаға дейін қызымет жасады. Бұл дегеніміз елдің бірлігін, тұтастығын, көшп дұрыстығын білдіреді.

Қызылорда Қазақ елін өнер, мәдениет бағытында ғана емес, осындай ерекшеліктері арқылы таңғалдырумен келеді. Бұған дейінгі төрт құрылтайдың салмағы өз алдына бөлек, әрқайсысы өзіндік баға берілді. Түйінді Мемлекет басшысы Қызылорда құрылтайында жасады.

Сыр жұртшылығы жергілікті атқарушы билігі, мәслихат депутаттары, елдің ақсақалдары, әсіресе, қоспакерлер жиылып, облыс басшысының жанынан табылды, қонақтарға өте жоғары деңгейде қызмет көрсетті. Мұны Қазақ елінің қай түпкіріне барсақ та, үлгі етіп айтып жүрміз.



ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ БАСТАМАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Басқосуда Ұлттық құрылтайдың елдік мүддені айқындайтын маңызды диалог алаңы екенін атап өтті. Құрылтайда өткен әрбір мәселе қоғам сұранысынан туындап отыр және ол заңнамалық деңгейде нақты іске асуы керек.



– Сыр елінде өткен құрылтайдың біз үшін де, бізден кейінгі ұрпақ үшін де маңызы зор. Осыдан 100 жыл бұрын қазақ зиялылары «Қазақ» атауын қайтарған жиын өткізген еді. Сол тарихи сәтпен сәйкес келгенін көріп отырмыз. Соңғы 10 жылда Қызылордада жолы түспей, құрылтайға келген қонақтардың қала келбетінің жаңарғаны туралы пікірін тыңдап марқайып қалдық. 10 жыл Арал ауданының әкімі



болған адам ретінде Президенттің Арал теңізіне байланысты көтерген мәселесі орынды деп білеміз. Шынында, Арал теңізінің жағдайы тек Қазақстанның емес, жер жүзінің қасіреті. Арал тағдыры – адамзат тағдыры. 1993 жылы 26 наурызда Қызылорда қаласында Арал теңізі проблемалары жөнінде І халықаралық конференция өтті. Сол кездегі мемлекет басшылары Арал теңізінің бассейні мен Приаралье өңірінің мәселесін бірлесіп шешу, экологиялық жағдайды сауықтыру және Арал аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп, халықаралық қор құру жөнін-



де келісімге қол қойылған еді. Құрылтайда айтылған тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана, заман талабына сай театр салыныс Қызылорданың тек экономикасы ғана емес, мәдениеті, руханияты дамиды деген ойдымыз, – деді Нахматов Мұсабаев.

Басқосуда сөз алған Мұрат Бахтиярұлы Ұлттық құрылтайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың заң шығару жүйесіне қатысты ұсынысына тоқталды. Мемлекеттік басқаруда шешім қабылдайтын өкілді органдарға

Басы 1-бетте



бастысы сапа мен жауапкершілік қажет екенін айтты. Сонымен бірге ол депутаттар санының 145-тен аспауы тиіс деген ұсынысы тиімді парламент қалыптастырудағы маңызды саяси қадам екенін жеткізді.



– 12 жыл сенатор болған уақытта сенаттың артық құрылым екенін аңғардым. Өйткені заң мәжіліске келіп түседі, ол кемінде 3 ай талданады. Одан кейін сенатқа түскен заң тәртіп бойынша 1-1,5 ай қаралады. Сонда қабылданатын заң жарты жыл уақыт алады. Сол себепті біртұтас парламент құру маңызды. Сондай-ақ мәжілістің «Құрылтай» деп аталуы да ерекше әсер қалдырды, – деді мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бахтиярұлы.

Думан КЕҢШІЛІК,
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

«ОҚИТЫН МЕКТЕП – ТАБЫСТЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқуға құштар, ойы сергек, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу – стратегиялық маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы республика және облыс көлемінде кеңінен насихатталып, білім беру ұйымдары тарапынан зор қызығушылыққа ие болды.

Жобаның мазмұны мен қол жеткізген нәтижелері арнайы ұйымдастырылған облыстық және республикалық семинарлар барысында жан-жақты таныстырылды. Атап айтқанда, 2025 жылдың қыркүйек айында Түркістан облысы Ордабасы ауданы білім бөлімінің басшысы Ш.Нурабаеваның ұйымдастыруымен өткен «Инновация және әдістемелік ізденіс: жаратылыстану пәндерінде көркем әдебиетті ықпалдастыру тәжірибесі» тақырыбындағы аудандық семинарда жоба тәжірибесі аудан мектептерінің мұғалімдеріне таратылды.

Ал 2025 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің республикалық әдістемелік үйлестіру орталығы жанындағы республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық кітапхананың директоры А.Сайдимбаеваның ұйымдастыруымен өткен «Тәжірибе. Ізденіс. Даму: көркем әдебиетті жаратылыстану пәндері арқылы оқытудағы заманауи тәжірибелер» атты республикалық семинарда «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларының кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер 14 облыстың білім беру ұйымдарына ұсынылды.

Семинарға қатысқан педагогтер, әдіскерлер мен білім саласының өкілдері жобаның өзектілігін ерекше атап өтіп, оның тәжірибеде тиімді әрі нәтижелі қолданылатынын жеткізді. Қатысушылар тарапынан мазмұнды кері байланыстар мен жылы лебіздер айтылып, бұл бастаманың тек бір мектептің немесе бір өңірдің

тәжірибесі емес, жалпыұлттық деңгейде енгізуге лайық жоба екені баса көрсетілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырыстарында оқитын ұлт қалыптастыру – ел болашағының берік іргетасы екенін бірнеше мәрте атап өткен еді. «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы осы стратегиялық бағытпен толық үндесіп, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, кітап оқуға деген қызығушылығын оятуға және саналы, сыни ойлай алатын тұлға тәрбиелеуге нақты үлес қосып отыр.

Жоба аясында оқушылардың көркем және танымдық әдебиеттермен жүйелі жұмыс істеуіне, отбасы мен мектептің бірлескен әрекетін нығайтуға, сондай-ақ мұғалімнің бағыттаушы, ұйымдастырушы рөлін күшейтуге басымдық берілген. Бұл – оқуды уақытша нақандық шара ретінде емес, тұрақты мәдениетке айналдыруға бағытталған маңызды әрі кешенді қадам.

Қорытындылай келе, «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы оқитын, ойлайтын, ел тағдырына бейжай қарамайтын ұрпақ тәрбиелеуде маңызды бастама ретінде бағаланады. Алдағы уақытта бұл тәжірибе өзге өңірлерде де кеңінен таралып, ұлттық білім беру жүйесіне тын серпін беретініне сенім мол.

Мария БАЙДИЛДАЕВА,
Н.Ерғешбаев атындағы №172 орта мектебінің директоры

Марзия АЯПОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Қазақ «жолында жақсы адам жолықсын» деген әдемі сөз бар. Жақсы адамның жаныңды жадыратар көркем мінезі, айналасына үлгі болар жақсы ісі, күн нұрындай шуағы болады. Тағдырдың сыйы болар, біздің ұжымға болмысы бөлек, тек жақсы ісімен үлгі болған жақсы адаммен жұмыс істеу бұйырыпты.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп қазақ бекер айтпаған екен. Наталья Васильевнаның жақсы ісін жанымызда жүргенде де тамсана айтатын едік. Оның атына әріптестері тарапынан әрдайым алғыс, ризашылық, жақсы сөз айтылып жататын. Себебі ол үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор, әріптестеріне демеу болып жүретін еді. Ал қазір ол туралы өткен шакта айтып, еске алатынымыз өкінішті... «Уақыт-еміш» дейді. Алайда күн артынан күн, ай артынан ай, жыл соңынан жыл өтіп, күнтізбе парағы тағы бір жана жылға аяқ басқанымыздың куәсіндей болып тұрса да жүрек түкпіріндегі сағыныш бір сәтке басылған емес. Қарбалас жұмыс арасында әріптестермен пікірлессе қалсақ, оның есімі міндетті түрде аталады.

Себебі Наталья Васильевнаның білім саласындағы қолтаңбасы ешқашан ұмытылмақ емес. Оның жүріп өткен жолы, адал еңбегі, жаналыққа жаны құмарлығы мен іскерлігі және бар адамға мейірім нұрын төгетін шуақты жүзі мәңгілік сағынышқа айналғаны сөзсіз.

Наталья Васильевна – қазақ халқының салт-дәстүрін сақтаған берекелі отбасының инабатты келіні, ардақты ана, кеңпейіл әже болды.

ҰМЫТЫЛМАС ЕСІМ

Жумадиляева Наталья Васильевна 1965 жылдың 29 наурызында Қарағанды облысының Теміртау қаласында дүниеге келген. 1982 жылы Н.Т.Огоров атындағы Мордва мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1987 жылы француз тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын сол жылы Қызылорда қаласындағы №12 орта мектептен бастады.

1990-2004 жылдар аралығында №3 көп салалы гимназиясында алғашқыда мұғалім, кейін мектеп директорының бастауыш бөлімінде оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Білімі мен біліктілігін ұдайы жетілдіру, шығармашылық ізденісі мен іскерлігін көрсете білген Н.В.Жумадиляева 1991 жылы қалалық «Жыл мұғалімі» сайысының жүлдегері атанды. Бірнеше рет облыстық білім департаменті және қалалық білім беру бөлімінің мақтау грамоталарымен марапатталды.

2004-2008 жылдар аралығында №112 орта мектебінің директоры, ал 2008-2013 жылдар аралығында Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицей директоры қызметін атқарды. Білім беру саласында еңбек ете жүріп, еліміздің ертеңгі ұрпағының жарқын болашағын ойлаған Н.В.Жумадиляева әр баланың саналы тәрбие мен сапалы білім алуына, әр ұстаздың шығармашылықпен жұмыс жүргізіп, сапалы білім алуына жағдай жасаған кең жүректі басшы болды.

Басқаруда ұжымдағы бірлік пен берекені сақтауды уақыт талабына сай жандандырып отыруға күш салды. Ұжым мүшелерінің, зейнеткер-ұстаздардың мейірімдерін шәкірттерімен бірге атап өту, отбасылық мерекелер ұйымдастыру, ұлттық мәдени орталықтарымен бірлескен іс-шаралар өткізу мектеп дәстүріне айналды.

Наталья Васильевна – қазақ халқының салт-дәстүрін сақтаған берекелі отбасының инабатты келіні, ардақты ана, кеңпейіл әже болды.

2013 жылдан 2016 жылға дейін қалалық білім бөлімінің әдіскері, басшысының орынбасары және жасөспірімдер мен мектеп оқушылары үйінің директоры болып жұмыс істеді. 2016 жылы Наталья Васильевна Қазақстан халқы Ассамблеясынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты болып сайланды, онда Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің жұмысына белсенді қатысты.

2021 жылы депутаттық өкілеттігі аяқталғаннан кейін ол білім беру саласында еңбек етуін жалғастырып, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының кеңесшісі және Педагогикалық шеберлік орталығы директорының білім беру бағдарламалары және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры қызметін атқарды.

2023 жылдың қыркүйегінде Наталья Васильевна Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі болып тағайындалғанда, мектебімізді басқарған басшының білім беру саласының шыңына шыққаны ұжымды үлкен қуанышқа бөледі. Ол елдің білім беру жүйесін дамытуға елеулі үлес қоса жүріп, қандай қызметте жүрсе де ұжыммен сыйластығын жалғастыра білді.

Көпжылдық және жемісті қызметі үшін Наталья Васильевна «Құрмет» орденімен және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

Оның кәсібилігі, ісіне адалдығы және болашақ ұрпаққа деген шынайы қамқорлығы Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицей ұжымындағы әріптестері мен оқушыларының жүрегінде өшпес із қалдырды, оны әрқашан мейірімді, жарқын адам және өз ісінің маманы ретінде еске аламыз. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталды.

Ж.Қизатов атындағы
№23 мектеп-лицей ұжымы

БІЛІМДІ МЫНДЫ ЖЫҒАДЫ

Жақында өткен XXII халықаралық Жәутік олимпиадасында Қызылорда облысынан қатысқан оқушылар үздік нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Атап айтқанда, Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Мансұр Мамадахунов – информатика бағыты бойынша алтын медаль, 11-сынып оқушысы Арнұр Ансатов – математика пәні бойынша күміс медаль, 11-сынып оқушысы Әлімхан Құрманов – информатика бағыты бойынша қола медаль, және 9-сынып оқушысы Кенжебек Шәдібай – информатика бағыты бойынша қола медаль иеленді. Халықаралық Жәутік олимпиадасы – математика, физика және информатика пәндері бойынша әлемнің үздік жас зияткерлерін бір алаңға жинайтын халықаралық жарыс. Атақты академик О. Жәутікөвтің құрметіне арналған бұл зияткерлік жарыс 2005 жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл осымен 22-ші рет ұйымдастырылған олимпиада биыл 10-15 қаңтар күндері Алматы қаласында офлайн форматта өтті. Олимпиадаға әлемнің 16 елінен жалпы 612 оқушы қатысып, өз білімін сынады. Қатысушы мемлекеттер қатарында Армения, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Ресей, Румыния, Тәжікстан, Түркіменстан, Индонезия, Үндістан және Өзбекстан бар.

Математика пәні бойынша күміс медаль иеленген Арнұр Ансатов олимпиадаға дайындық пен қатысу барысы екі турдан тұрғанын айтады.

– Олимпиада екі турдан тұрды. Әр турда үш есеп берілді және оларды шығарып, толық дәлелдемесін жазуға 4,5 сағат уақыт берді. Екінші тур екі күнге созылып, кейін нәтижесі жарияланды. Нәтиже бойынша маған төмен ұпай қойылған соң, апелляцияға бердім. Нәтижесінде күміс медаль иелендім, – дейді Арнұр.

Информатика бағыты бойынша алтын медаль иеленген Мансұр Мамадахунов өз әсерімен бөлісті.

– Биылғы ұйымдастырылған Жәутік олимпиадасына информатика бағыты бойынша қатысып, алтын медаль иелендім. Байқау екі кезең бойынша, әр кезеңде түрлі деңгейдегі күрделі есептер ұсынылды. Олимпиада барысында өз білімді тереңірек тексеріп, тәжірибе жинауға мүмкіндік алдым. Бұл жетістік болашақтағы кәсіби бағытымды таңдауыма оң әсер етіп, өз біліміме деген сенім қалыптастырды, – дейді алтын медаль иегері.

Информатика пәнінен қола медаль иегері Кенжебек Шәдібай бұл олимпиаданың жоғарғы деңгейдегі алгоритмдік ойлау мен талдауды талап еткенін атап өтті.

– XXII Жәутік олимпиадасында халықаралық олимпиадада информатика пәні бойынша бақ сынап, қола медальға ие болдым. Олимпиада жоғарғы деңгейдегі алгоритмдік ойлау мен талдауды талап етті. Жарыс барысында күрделі есептерді тиімді шешу дағдыларым қалыптасты. Бұл жетістік информатика саласына деген қызығушылығымды арттырып қоймай, болашақ кәсіби мақсаттарымды нақты айқындауға үлкен ықпал етті, – дейді Кенжебек.

Информатика пәнінен қола медаль иегері, 11-сынып оқушысы Әлімхан Құрманов бұл жеңіс мақсатын айқындауға жол ашқанын айтады.

– Мен алгоритмдік есептер шығаруды жақсы көремін. Олимпиадалық информатика маған логикалық ойлауды, шыдамдылықты және әр есепке терең талдау жасауды үйретеді. Күрделі тапсырманы өз бетімше шешу маған шабыт сыйлайды. Алдағы уақытта информатика саласында білімді жалғастырып, халықаралық деңгейде өзімді сынап көргім келеді, – дейді Әлімхан.

Алматы төрінде өткен XXII халықаралық Жәутік олимпиадасында жерлестеріміз өз білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп, ел мерейін үстем етті. Халықаралық білім саласында жетістікке жеткен жас таланттар алдағы уақытта да ел абыройын асқартатып, жаңа белестерді бағындыруды көздеп отыр.

София ХАЙРУЛЛА



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атпасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі, ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3853 Тапсырыс №115

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ